

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 11 мамырда № 32469 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы Ереженің 16-тармағының 184-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлардың алдын алу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрінің міндетін атқарушы

И. Кульшимбаев

министрінің

міндетін атқарушы

2023 жылғы 10 мамырдағы

№ 240 бұйрығына

қосымша

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың Сыныптамасы

1. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай аймағы объекті аумағының шегінен шықпаса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

1) 5-тен астам, бірақ 10-нан көп емес адам қаза болса;

2) 50-ден астам, бірақ 100-ден көп емес адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;

3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері бес мыңнан он бес мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай объектілікке жатады.

2. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай аймағы өндірістік немесе әлеуметтік мақсаттағы объектінің аумағы шегінен шықса және облыстың екі ауданының шегінен шықпаса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

1) 10-нан астам, бірақ 50-ден көп емес адам қаза болса;

2) 100-ден астам, бірақ 500-ден көп емес адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;

3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері он бес мыңнан жүз мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жергіліктіге жатады.

3. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай аймағы бір облыстың кемінде үш ауданының аумағын қамтыса не төтенше жағдай Қазақстан Республикасының екі облысының аумағында болса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

1) 50-ден астам, бірақ 200-ден көп емес адам қаза болса;

2) 500-ден астам, бірақ 1500-ден көп емес адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;

3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері жүз мыңнан екі жүз мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай өңірлікке жатады.

4. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай Қазақстан Республикасының үш және одан да көп облысының аумағында болса не шектес мемлекеттердің аумағын қамтыса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

1) 200-ден астам адам қаза болса;

2) 1500-ден астам адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;

3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері екі жүз мыңнан аса айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жаһандыққа жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК